



**МӘМС: КҮМӘН
МЕН КҮДІК**

5-БЕТ | САРАПТАМА



**МӘСКЕУДЕГІ
АЛАШ МҮРАСЫ**

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

«С5 + ГЕРМАНИЯ» ДИАЛОГЫНА ҚАТЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Германия Президентімен кездесуіне қатысты. Мемлекет басшысы жиында «С5 + Германия» диалогы туралы бастама елдер арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретінін атап өтті.

Ол аймақ мемлекеттері көшбасшыларының бірлескен күш-жігерін жұмылдыруға болатын ықпалдастықтың басым бағыттарын ұсынды. Кездесу барысында климаттың өзгеруіне және су тапшылығы проблемасына баса мән берілді. Мемлекеттер басшылары Орталық Азия өңірі мен Еуропа Одағы

төңірегіндегі геосаяси жағдайға қатысты мәселелерді де қозғады. Сонымен қатар Ауғанстандағы қазіргі жағдай қарастырылды. Германия Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер Украинадағы дағдарыс Еуропаның, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді деген

пікір айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев бұған жауап ретінде өзара тиімді бейбіт шешімдер іздеуге бағытталған салиқалы дипломатия қажет екенін тағы да мәлімдеді. Мемлекет басшысы тараптардың нақты келіссөздерге кірісуі қажет екеніне назар аударды.

№116
(4549)
Сенбі
30 қыркүйек
2023 жыл



ASTANA

**ELORDA
AQPARAT**
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Фото интернеттен алынды

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – ІЗГІ ІС

1 қазан – Қарттар күні. Қарттарын қадірлеген ел ардақты. Саналы ғұмырын елдің баянды келешегі үшін еңбекке, ұрпақ өсіруге арнаған алдыңғы буын аталар мен әжелердің, ағалар мен апалардың жүріп өткен тағылымды жолдары – бүгінгі ұрпақ үшін көл-дария қазына. Қариясын құрметтеу қазақ баласы үшін асыл да қасиетті парызға баланады.



Биыл ресми түрде бекітілген Мұғалімдер күні мерекесі қарсаңында Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев өзінің ұстаздары жайлы естеліктерімен бөлісіп, барша қазақстандықтарға челлендж жолдады.

Бұл туралы министр фейсбуктегі парақшасына жазды. Ең алдымен Хәкім Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» қағидасын бойына сіңірген, өмірлік ұстаздары - ата-анасына алғыс айтты. «Дәлелхан Мусин, Раушан Букаева, Антонина Бондарева, Қанипа Бітібаева, Шәмшә Беркімбаева ұстаздарым бұл өмірден озса да, олардың есімі мәңгі жадымда» деп жазған Ғ.Бейсембаев барлық ұстаздарға ризашылығын білдіре отырып, ізгі тілегін жаудырды.



5-6 қазанда Астанада «Nobel Fest: Цифрлық Апгрейд» деген тақырыппен жиын өтеді.

Оның алаңында Нобель сыйлығының лауреаттары, ғылым, ақпараттық технологиялар, экономика және инновациялар саласындағы жетекші жасанды интеллект, климаттың өзгеруі, экономика болашағы, стартаптар мен заманауи еңбек нарығы, ғылымның жаңа қырлары, адамзат болашағы секілді өзекті мәселелерді талқылайды.

30 ҚЫРКҮЙЕК – 1 ҚАЗАН

Қазақ өнер университетінің «Шабыт» сарайы алдындағы алаңда Ақтөбе және Қостанай облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді. Тауар өндірушілер ет пен балық, жарма мен сүт, көкөніс пен жемістің түр-түрін ұсынады. Жәрмеңкеде сатылатын азық-түлік бағасы нарықтағы бағадан төмен болады.



ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН ОНЛАЙН АЛАСЫЗ

«Мобильді ХҚКО» қосымшасында жаңа қызмет пайда болды. Енді көлік жүргізуші куәлігін үйден шықпай, онлайн алуға болады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жаңа өзгеріске сәйкес, аталған құжатты алғысы келгендер «Мобильді ХҚКО» қосымшасы арқылы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына емтихан тапсыруға өтініш беріп, алдын ала кезекті брондай алатынын айтады.

Ол үшін қолданушы алдымен

«Мобильді ХҚКО» қосымшасында «Бейне қызметті» таңдау керек. Бұл сервис қызмет алушы алғашқы ақпаратты алу үшін МҚКО операторымен байланыстырады. Одан кейін клиентке мемлекеттік бажды төлеуге немесе алдын ала төленген түбіртекте ұсынуға мүмкіндік беріледі. Төлем жасалғаннан кейін № 073 /у формадағы медициналық анықтаманың,

автомектепті аяқтағаны туралы куәліктің, қызмет алушының суретінің сканерленген нұсқаларын және талапқа сәйкес қойылған қолтаңбаны сұрататын болады. Өтініш сәтті тапсырылғаннан кейін, МХҚКО-ға алдын ала кезекті брондау үшін емтихан тапсыратын күн мен уақыт ұсынылатын болады.



«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 503.22 \$ USD/KZT 477.25 ₸ RUB/KZT 4.95 ¥ CNY/KZT 65.39

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

